

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2018 жылғы 20 қыркүйектегі  
№ 469 бұйрығына 105 - қосымша

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2013 жылғы 3 сәуірдегі  
№ 115 бұйрығына 545 - қосымша

Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған 5-9 сыныптары үшін  
мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы

## 1 - тарау. Жалпы ережелер

1. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған 5-9 сыныптары үшін «Психомоторикасы мен сенсорлық процестерін дамыту» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 6) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. «Психомоторикасы мен сенсорлық процестерін дамыту» пәнінің мақсаты - орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға айналасындағы болмысты сенсорлық қасиеттерімен бірге қабылдауларына қолайлы жағдайлар жасау, психикалық дамуын ынталандыру, түрлі заттар және материалдармен мақсатты бағытта ерікті іс-әрекеттерін қалыптастыру.

3. «Психомоторикасы мен сенсорлық процестерін дамыту» пәнінің міндеттері:

- 1) түрлі талдауыштарға мақсатты бағытта жүйелі әсер ету арқылы сезімталдық тәжірибесін байыту;
- 2) көру, есту, тактильдік, кинестетикалық түйсігін дамыту;
- 3) кеңістіктік-уақыттық бейімделуін қалыптастыру;
- 4) моторлық дағдыларын дамыту.

## 2 - тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

4. Психомоторикасы мен сенсорлық процестерін дамыту сабақтарындағы мақсатты-бағытты жұмыс нәтижесінде білім алушылыр мыналарды үйренеді:

- 1) сенсорлық эталондарға бейімделуді;
- 2) берілген белгілері бойынша заттарды тануды;

- 3) заттарды сыртқы белгілері бойынша салыстыруды;
- 4) заттарды формасы, көлемі, түр-түсі, функционалдық міндеттері бойынша топтастыруды;
- 5) түрлі белгілері бойынша заттар мен олардың бейнелерінің нұсқалық қатарын құрастыруды;
- 6) объекттер мен құбылыстардың белгілері мен қасиеттерін практикалық тұрғыда бөлуді;
- 7) қарама-қарсы іс-әрекеттер мен құбылыстарды ажыратуды;
- 8) өз іс-әрекетінің уақыт шеңберін белгілеуді;
- 9) оқиғалардың реттілігін белгілеуді;
- 10) кеңістікте бейімделуді;
- 11) нұсқаулық әрекеттерді мақсатты бағытта орындауды;
- 12) өз қимылы мен іс-әрекеттерін өз-бетінше келістіруді;
- 13) іс-әрекетін тілмен жалғауды.

5. Бағдарламада, орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға жекелік бағдарламалар құру барысында бағдарлық негіз болатын, түзеу жұмысы мақсаттарының болжамдық жүйесі тұжырымдалған. Бағдарламаның мазмұны ұсынымдық сипатта, сондықтан педагог жұмыс мазмұнына білім алушының мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне қарай өзгерістер енгізуге құқына ие.

6. Психомоторикасы мен сенсорлық процестерін дамыту келесідей оқу және түзету пәндерімен біріктіру арқылы жүзеге асырылады: «Айналадағы әлем», «Тәртіп мәдениеті», «Тіл дамуының кемшіліктерін түзеу», «Түзеу ырғағы», «Белсенді-қозғалыстық сипаттағы жекелік және топтық сабақтар».

7. Оқу процесін ұйымдастыру тәсілдерінің негізінде, айқын ақыл-ой кемістіктері бар тұлғалардың өмірін ұйымдастырудың негізгі идеясы болып бүкіл әлемде қабылданған «тұрақтандырудың» педагогикалық тұжырымдамасы жатыр. Осы тұжырымдамаға сәйкес, бүкіл түзеу-педагогикалық іс-шараларын жобалау барысында білім алушы негізгі және жалғыз есептеу нүктесі болып табылады.

8. «Тұрақтандыру» тұжырымдамасының негізінде орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды тәрбиелеу мен оқыту процесін ұйымдастырудың төмендегідей қағидалары қалыптастырылған:

1) білім алушыға, өзінің бірегей ерекшеліктерін сақтай отырып, жеке қарқында дамуы үшін мүмкіндіктерді қамтамасыз ету. Бұл қағиданың ұстанымы бойынша, білім алушының жекелік бағдарламасының мазмұнын белгілеп алу мақсатында, оның мүмкіндіктері мен ілгерілмелі дамуын үнемі зерделеп отыру. Дамуы мен дағдыларды меңгерудегі минималды жылжуын оқудың оң нәтижесі деп тану;

2) білім алушының жеке мүмкіндіктерін және білімдік және тұлғалық жетістіктері мониторингі нәтижелерін ескере отырып, оқытудың мазмұнын, әдістерін, формаларын, дидактикалық оқу құралдарын педагог өз бетінше таңдауы;

3) білім алушының практикалық іс-әрекеттері мен әлеуметтік дағдыларын қалыптастыру үшін мектепте тиісті орта құру. Білім алушылармен сабақ өтетін бөлмелерді түрлі өмірлік жағдайларды қамтып көрсететін кеңістікке айналдыру. Пәндік орта білім алушының мұқтаждықтарының өзгеруіне орай қайта-қайта ауыстырылып отырады. Қабілеттері мен дағдыларының қалыптасуы осы дағдылар қолданылатын жағдайға максималды жақындатылып жүзеге асырылады;

4) білім алушылардың мектептегі күнделікті іс-әрекетінің біріктірілген сипаты. Барлық пәндер бойынша сабақ біріктірілген сипатта жүреді;

5) ойлау қабілетінің, тілінің және қатынасының дамуы - әлеуметтену құралы ретінде болуы. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың тілінде, ойлау қабілетінде, қатынасында өзіне тән проблемалары болады, олардың орны педагогикалық құралдармен толтырылады. Білім алушының тілді түсінуі, вербалдық және вербалсыз қатынас құралдарының қалыптасуы, көрнекілік-әрекеттік ойлауының дамуы жұмыстарын кеңейту бойынша дәйекті жұмыс құрастырылады. Педагог білім алушының түсінігіне сәйкес тілді қолданады;

б) оқу-тәрбие процесінің әлеуметтендірушілік бағыттары: білім алушыларды мектептен тыс күрделі әлеуметтік ортаға енгізу (қоғамдық көлікпен жүргізу, дүкендерге, дәріханаға, поштаға, емханаға, музейлерге, театрға, кафелерге бару).

9. Оқу процесі мазмұны бойынша да, ұйымдастырушылық формалары бойынша да қатаң реттелмейді.

10. Білім алушылардың сабақ кезіндегі белсенділігі мен дербестігін көрсететін негізгі іс-әрекеті ретінде төмендегілер қолданылады:

1) табиғат құбылыстары мен әлеуметтік өмір құбылыстарын бақылау;

2) заттық- практикалық іс-әрекет;

3) іскерлік ойындар;

4) білім алушылардың шаруашылық-еңбектік іс-әрекеттері;

5) әлеуметтік-тұрмыстық іс-әрекеттері;

б) жақын айналасындағы білім алушылар мен үлкен адамдармен қатынасы (микросоциум);

7) оқу іс-әрекеті (білім алушының мүмкіндіктеріне сәйкес).

11. Оқу-тәрбие процесі орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың бүкіл оқу кезеңі ішінде заттық іс-әрекеті бойынша құрастырылады.

12. «Психомоторикасы мен сенсорлық процестерін дамыту» түзеу сабақтары оқу және тұрмыс жағдайларында дербестік пен белсенділікке максималды негіздер құруға бағытталады.

13. Білім алушымен жүргізілетін нақты жекелік түзеу жұмысының мазмұны, оның психофизикалық жағдайы ерекшеліктерін тексеру нәтижелері бойынша, белгіленеді.

14. Тексеру барысында даму деңгейі ғана емес, сондай ақ жақын арадағы даму аймағы да анықталады. Бір мезгілде іс-әрекет компоненттерін меңгергені

бағаланады: мотивациялық-бейімделушілік, операциялдық, бақылау-бағалаушылық.

15. Тексеру нәтижелері түзеу сабағын өткізу үшін ішкі топтар құру барысында айқындаушы болып табылады.

16. «Психомоторикасы мен сенсорлық процестерін дамыту» пәні шеңберіндегі түзеу жұмысы, білім алушылармен әр оқу жылында жүргізілетін барлық жұмыс барысында жүріп отырады.

17. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың жетістіктерін бағалайтын бастапқы сәті болып, түзеу жұмысының жекелік бағдарламасында көрсетілген міндеттер табылады.

18. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың жетістіктерін бағалау ішкі бағалау құралдары арқылы жүзеге асырылады. Жекелік бағдарламаларды жүзеге асыру нәтижелерін мұғалім сабақтың оқу процесі барысында бағалайды.

19. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылармен жүргізетін жұмыстардың барлығы негізіне кіретін «Диагностика мен түзеу-дамыту жұмысының бірлігі» атты арнайы педагогикасының қағидасына ере отырып, педагогтар бақылаушылық бағалау әрекеттерін жүйелі түрде жүзеге асырады.

20. Бағалаушылық әрекеттеріне - білім алушының белсенділігін бақылау, ауызша жауаптарын түзеу жұмысының жекелік міндеттерімен салыстыру, іс-әрекеттерінің өнімдерін зерделеу кіреді.

21. Білім алушылардың жетістіктері мен дамуының ағымдық бағалануы, олардың жұмысын күнделікті бақылау арқылы жүзеге асырылады. Аралық бағалану бірінші жартыжылдық біткен кезде жүзеге асырылады. Нәтижелердің қорытынды бағалануы оқу жылы аяқталғанда жүзеге асырылады. Түзеу жұмысының жекелік бағдарламасына сәйкес қабілеттері мен дағдыларының қалыптасуы жөніндегі бағалау пікірлер жекелік бағдарламада көрсетіліп жазылады.

### 3 - тарау. «Психомоторикасы мен сенсорлық процестерін дамыту» оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

22. «Психомоторикасы мен сенсорлық процестерін дамыту» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 5-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;
- 2) 6-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34сағат;
- 3) 7-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат;
- 4) 8-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат;
- 5) 9-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат.

23. Түзеу курсы жүзеге асыру үшін арнайы материалдық-техникалық жабдықтау қажет, оның ішіне жабдықталған сенсорлық бөлме; кебу (шарлы) бассейн; жарықтық және дыбыстық әсері бар ойыншықтар мен заттар;

фактурасы, тұтқырлығы, температурасы, тығыздығы бойынша материалдар үлгілері; сенсолық панелдер кіреді.

24. Жұмыстың түрлері мен формаларын (жекелік, қосарлы, топтық) өткізу үшін сыныпта қозғалмалы жиһаздары қарастырылады. Кітап сөрелері мен білім алушылардың жұмыстарын көрсететін стендтер, көрнекі құралдар үшін орындар қарастырылады.

25. Бағдарламаның мазмұны оқыту бөлімдері бойынша ұйымдастырылған. Бөлімдер, сыныптар бойынша күтілген нәтижелер түрінде оқу мақсаттарын қарастыратын, бөлімшелерді қамтиды.

26. «Психомоторикасы мен сенсорлық процестерін дамыту» пәнінің мазмұны 3 бөлімді қамтиды:

1) 1- бөлім «Сенсорлық процестері мен кеңістіктік-уақыттық бейімделуін дамыту»;

2) 2- бөлім «Қимыл-қозғалыс саласын дамыту»;

3) 3- бөлім «Зерделік саласын дамыту».

27. «Сенсорлық процестері мен кеңістіктік-уақыттық бейімделуін дамыту» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) есту қабілетін дамыту;

2) көру қабілетін дамыту;

3) кеңістікте бейімделуін дамыту;

4) уақыттық бейімделуін дамыту;

5) тактильдік-қозғалыстық түйсігін дамыту;

6) дәм және иіс сезімін дамыту.

28. «Қимыл-қозғалыс саласын дамыту» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) ұсақ моторикасын дамыту;

2) мимикасы мен и пантомимикасын дамыту;

29. «Зерделік саласын дамыту» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) жадын дамыту;

2) тіл мен ойлау қабілетін дамыту;

3) қиялын дамыту;

4) зейінін дамыту.

30. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың психофизикалық дамуының жекелік деңгейіне байланысты сыныптар арасында оқыту мақсатын қайта бөлуге болады.

#### 4 - тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі

31. Бағдарламада оқу мақсаттары кодтау арқылы беріледі. Кодта бірінші сан сыныбын, екінші және үшінші сандар – бөлім мен бөлімшені, төртінші сан – оқыту мақсатының нөмірлерін көрсетеді. Мысалы, 6.2.1.4 кодында: «6» – сыныбы, «2.1» – бөлімше, «4» – оқыту мақсатының нөмірі.

## 32. Оқыту мақсаттары бойынша күтілетін нәтижелер:

1) «Сенсорлық процестерін дамыту»:

1 – кесте

Оқыту мақсаттары					
Бөлімше	5 сынып	6 сынып	7 сынып	8 сынып	9 сынып
1.1. Есту қабілетін дамыту	5.1.1.1 айналасын дағылардың сөйлеу тілін мұқият тыңдау; 5.1.1.2 дыбыс көзінің шектемесін белгілеу; 5.1.1.3 таныс адамдардың дауысын ажырату (ата-анасы, жақындары, достары); 5.1.1.4 жануарлар дауысын ажырату; 5.1.1.5 дыбысты еліктеп келтіру және объектпен сәйкестеу (ойыншықпен, суретпен); 5.1.1.6 тыңдау	6.1.1.1 айналасын дағылардың сөйлеу тілін мұқият тыңдау, тыңдау позасын ұстану; 6.1.1.2 әуен сипатын эмоционалды ажырату (көңілді, жабыраңқы); 6.1.1.3 айналадағы дыбыстарды келтіру; 6.1.1.4 дыбыс жоғарылығын тыңдап ажырату; 6.1.1.5 дыбыс ырғағын тыңдап ажырату; 6.1.1.6 дыбыс ұзақтығын	7.1.1.1 айналасын дағылардың сөйлеу тілін мұқият тыңдау, тыңдау позасын ұстану, сөйлеген адамның көзі мен аузына қарау; 7.1.1.2 дыбыстарды тыңдап ажырату және дыбыс сандарын келтіру; 7.1.1.3 сөзден дыбысты бөліп ажырату; 7.1.1.4 шуды эмоционалды қабылдау; 7.1.1.5 күрделі ырғақтарда ажырату	8.1.1.1 айналасындағылардың сөйлеу тілін мұқият тыңдау, тыңдау позасын ұстану, сөйлеген адамның көзі мен аузына қарау; 8.1.1.2 дыбыстарды тыңдап ажырату және дыбыс сандарын келтіру; 8.1.1.3 тыңдау арқылы әңгімелесу мен әндетуді ажырату; 8.1.1.4 түрлі сипаттағы дыбыстар мен шуларды ажырату; 8.1.1.5 шуды эмоционалды	9.1.1.1 қатынастың түрлі жағдайында жаңа ақпаратты тыңдау арқылы қабылдау; 9.1.1.2 дыбыстық құрамы ұқсас сөздер мен буындарды ажырату; 9.1.1.3 сөздегі дыбыс реттілігін анықтау; 9.1.1.4 берілген дыбысқа сөздер таңдау; 9.1.1.5 музыкалық жанрды ажырату (вальс, полька, марш); 9.1.1.6 таныс фильм/мультфильм

	арқылы дыбыс күшін ажырату (бәсеңкүшті); 5.1.1.7 әуезді ойыншықтар арқылы дыбысының басталуын және аяқталуын сезіну; 5.1.1.8 шуды эмоционалды қабылдау: қолдарымен күшті жағымсыз дыбыстардан қорғану, жағымды дыбыстарға қуанышты мимика, құлақ түру арқылы жауап қату	ажырату (ұзақ-қысқа); 6.1.1.7 қарапайым ырғақтарды ажырату, дыбысын айта отырып, шаплақтап тықылдатып дыбысты ойыншықтармен дыбысын келтіру; 6.1.1.8 шуды эмоционалды қабылдау: қолдарымен күшті жағымсыз дыбыстардан қорғану, жағымды дыбыстарға қуанышты мимика, құлақ түру арқылы жауап қату	және келтіру, дыбысын айта отырып, шаплақтап тықылдатып дыбысты ойыншықтармен дыбысын келтіру; 7.1.1.6 таныс әндерді әуен үзіндісі арқылы тану; 7.1.1.7 әлеуметтік маңызды тұрмыстық, қалалық дыбыстарды ажырату	ы қабылдау; 8.1.1.6 сыбырлаған дауысты ажырату (сөздер мен сөйлемдерді); 8.1.1.7 таныс әндерді әуен үзіндісі арқылы тану; 8.1.1.8 әлеуметтік маңызды тұрмыстық, қалалық дыбыстарды ажырату	персонаждың, әншілердің дауыстарын тану; 9.1.1.7 музыкалық аспаптардың дыбысын ажырату; 9.1.1.8 сыбырлаған дауысты ажырату (сөздер мен сөйлемдер) сыбырлап жауап қату; 9.1.1.9 әлеуметтік маңызды тұрмыстық, қалалық дыбыстарды ажырату
1.2 Көру қабілетін дамыту	5.1.2.1 бейімделудің іздеу тәсілін	6.1.2.1 бейімделудің іздеу тәсілін	7.1.2.1 бағыттама ның іздеу тәсілін	8.1.2.1 заттарға мақсатты бағытты	9.1.2.1 көлемнің бірнеше параметрле

	<p>қолдану: мақсатты-бағытты бақылау; 5.1.2.2 заттарды олардың бейнесімен сәйкестеу; 5.1.2.3 суреттердің жұбын табу; 5.1.2.4 3-4 бөліктен сурет құрастыру; 5.1.2.5 үлгі бойынша текшелер мен геометриялық формалар мен құрау;</p> <p>5.1.2.6 бөлігі, элементі бойынша жасырын объекттер мен бейнелерді тану; 5.1.2.7 жазықтықтық және көлемдік геометрия</p>	<p>қолдану: жоспарлы мақсатты-бағытты бақылау; 6.1.2.2 5-6 бөліктен заттық суреттер құрастыру; 6.1.2.3 негізгі түстер мен реңдерін ажырату; 6.1.2.4 жазықтықтық және көлемдік геометриялық формаларды ажырату; 6.1.2.6 көлем сипаты мен градацияларын ажырату; 6.1.2.7 әріптің жеткіліксіз элементін жазып бітіру; 6.1.2.8 үлгі бойынша есеп таяқшаларымен</p>	<p>қолдану: жоспарлы бақылау; 7.1.2.2 үлгі бойынша есеп таяқшаларымен, сөздік нұсқаумен құрау; 7.1.2.3 7-8 бөліктен заттық суреттер құрастыру; 7.1.2.4 әріптің жеткіліксіз элементін жазып бітіру; 7.1.2.5 контурлық бейнелердегі әріптерді, сандарды, заттарды тану; 7.1.2.6 бөлшектер інен фигураларды бейнелеу; 7.1.2.7 заттарды, тірі объектілерді, пейзаждар</p>	<p>қарау (көру арқылы тексеру); 8.1.2.2 адамдардың, жануарлардың ерекшеліктерін, айырмашылықтарын, ұқсастықтарын табу; 8.1.2.3 геометриялық көлемді және жалпақ формаларды ажырату; 8.1.2.4 Заттарды аппликацияға қою және құрастыру барысында түстерін кезектестіру; 8.1.2.5 түстерді әрекет ету сигналы ретінде; 8.1.2.6 берілген ортада геометриялық фигураларға ұқсас заттарды</p>	<p>рі бойынша заттарды топтастыру: ұзындығы, ені (сериация); 9.1.2.2 ерін арқылы оқу (дыбыстарды, буындарды, сөздерді); 9.1.2.3 бастырылған немесе шатастырылған бейнелерді Тану; 9.1.2.4 күрделі фигураларды көшіру; 9.1.2.5 үлгі бойынша күрделі орнаметтерді салу; 9.1.2.6 ұзындықты мм, см, дм, м арқылы өлшеу; 9.1.2.7 адамдардың, жануарлардың, айналадағы объекттердің айырмашылығын,</p>
--	--	--	---	--	--



	<p>лық формаларды ажырату, бөлшектері мен белгілерін ажырату; 5.1.2.8 негізгі түстерді ажырату; 5.1.2.9 көлем градацияларын ажырату; 5.1.2.10 адам бетіне көз тігу; 5.1.2.11 үлгі бойынша есеп таяқшаларымен құрау; 5.1.2.12 үлгі бойынша геометриялық формалар мен құрау; 5.1.2.13 жақын немесе алыс заттардың қоғалысынан көз тігу</p>	<p>құрау; 6.1.2.9 заттарды, бейнелерді салыстыруы мен айырмашылықтарын табу; 6.1.2.10 заттар мен суреттердің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табу; 6.1.2.11 Берілген белгілері бойынша заттарды біріктіру; 6.1.2.12 нақты заттардың олардың алмастырушыларынан табу; 6.1.2.13 заттар мен жалпақ фигуралар мен ойын барысында көлем параметрлерін</p>	<p>ды суреттеп, белгілерін ажырату; 7.1.2.8 сөздік нұсқау бойынша есеп таяқшаларымен құрау; 7.1.2.9 симметрия өсін сақтай отырып бейненің суретін салып бітіру; 7.1.2.10 түрлі қаріппен жазылған әріптер қатарынан берілген әріпті табу; 7.1.2.11 қатар реттілігін көшіру (әріптерді, сандарды, формаларды, түстерді); 7.1.2.12 бөлшектерден</p>	<p>табу; 8.1.2.6 стильденген бейнелерден заттарды табу: контурлық, штрихтік, пунктирлік; 8.1.2.7 бастырылған бейнелерден әріптерді, сандарды, заттарды табу; 8.1.2.8 үлгі бойынша сюжеттік картиналар топтамасын құрастыру;</p>	<p>ұқсастығын табу; 9.1.2.8 шатастырылған бейнелерді Тауу; 9.1.2.9 жоспар бойынша, тірексіз сюжеттік картиналар топтамасын құрастыру; 9.1.2.10 таныс шығарма, мультфильм бойынша сюжеттік картиналар топтамасын құрастыру; 9.1.2.11 2 сюжеттік картинадан айырмашылығын табу; 9.1.2.12 суреттен, фотодан таныс және бейтаныс адамдарды ұқсату және суреттеу</p>
--	--	--	--	---	---

	(тігінен, көлденеңен, алға/артқа); 5.1.2.14 заттық суреттерді бояу	ажырату; 6.1.2.14 үлгі бойынша сюжеттік картиналар құру; 6.1.2.15 заттық және сюжеттік картиналарды бояу	әріптер мен сандарды құру (таяқшалар, пластилин, ауада); 7.1.2.13 үлгісіз сюжеттік картиналар құру		
1.3 Кеңістікте бейімделуді дамыту	5.1.3.1 өз денесінің сызбасын бейімдеу; 5.1.3.2 өз денесінің сызбасында оң және сол жағын ажырату; 5.1.3.3 қағаз парақшасын бейімдеу (дәл ортасы, орта, жоғары, төмен, сол, оң жақтары); 5.1.3.4 объекттердің орналасу қашықтығын ажырату (андамында,	6.1.3.1 заттардың өз денесіне қарасты орналасуына бейімделу; 6.1.3.2 белгіленген бағытта үлгі бойынша сызықтар жүргізу; 6.1.3.3 өз денесінің сызбасында, басқа адамда, объекттерде оң және сол жағын ажырату; 6.1.3.4 үлгі бойынша жазық және көлемді заттарды тігінен	7.1.3.1 дене мүшелерінің орналасуын саралау, қарсы алдында тұрған адам денесіне бейімделу; 7.1.3.2 көршісіне қарасты өз орнын анықтау (солы-оңы, арты-алды); 7.1.3.3 картиналардағы персонаждар қай қолымен әрекет жасағанын, қай жағында	8.1.3.1 объекттер арасындағы ұқсасық пен айырмашылықты олардың кеңістіктегі орналасу белгілері бойынша анықтау; 8.1.3.2 бейнелерді көшіру (кешіктіріледі); 8.1.3.3 объекттер мен заттарды зерттеу, таныс және бейтанымсыз кеңістікте қозғалу барысында дұрыс позаны, жүрісті	9.1.3.1 бөлменің планын сызу; 9.1.3.2 пазлдармен сюжеттік картиналар құрастыру; 9.1.3.3 сызба бойынша құрастыру; 9.1.3.4 екі қолымен бір мезетте сурет салу; 9.1.3.5 үлгі бойынша құрастыру; 9.1.3.6 метрикалық ұғымдарын көрсету (зат қаншалықты алыс орналасқан); 9.1.3.7 координат

	<p>алыс-алысырақ, жақын-жақынырақ); 5.1.3.5 объекттердің өзаралық орналасуын ажырату; 5.1.3.6 үлгі, түпкі ой бойынша құрастыру; 5.1.3.7 еліктеу бойынша берілген бағытта кеңістікте қозғалу (алға, артқа); 5.1.3.8 объекттер мен заттарды зерттеу, таныс және бейтаныс кеңістікте қозғалу барысында дұрыс позаны, жүрісті сақтау; 5.1.3.9 кіші жабық</p>	<p>және көлденең ен орналастыру 6.1.3.5 үлгі, түпкі ой бойынша құрастыру; 6.1.3.6 сөйлеу тілінде заттардың кеңістіктік қатынасын көрсететін сөздерді қолдану; 6.1.3.7 үлкен кеңістікте бейімделу: асхана ғимаратында, мәжіліс, спорт, тренажерлық залдарында, этаж кабаттары мен коридорларда; 6.1.3.8 мектеп аумағында бейімделу: аумақ төңірегінде, балалар</p>	<p>тұрғанын белгілеу; 7.1.3.4 қимылдарды айнадағыдай қайталап жасау; 7.1.3.5 үлгі, сызба бойынша құрастыру; 7.1.3.6 бір біріне қарасты берілген қашықтықта параллель сызықтарынан сызу; 7.1.3.7 мектеп маңайындағы көшелерде бейімделу: көшелердің орналасуы, қиылыстарын белгілеу және саралау (көше қиылыстары); 7.1.3.8 қоғамдық орындарда бейімделу: дүкен,</p>	<p>сақтау; 8.1.3.4 қоғамдық көлікте бейімделу: автобуста, троллейбуста, трамвайда, метрода; 8.1.3.5 қоғамдық орындарда бейімделу: театр, цирк, әлеуметтік қызмет орындары; 8.1.3.6 доминодан фигуралар құру; 8.1.3.7 ерекше жағдайда болған объекттерді тану, басқа объекттер мен бақылаушыға қарасты өзгерген кеңістіктік жағдайда орналасқан; 8.1.3.8 берілген объекттердің суретін құмда, суда, ауада салу; 8.1.3.9</p>	<p>ық ұғымдарын көрсету (қайда, қай жағынан); 9.1.3.8 картиналарда персонаж қай қолымен әрекет жасағанын, қай жағында тұрғанын анықтау; 9.1.3.9 сөйлеу тілінде заттардың кеңістіктік қатынасын көрсететін сөздерді қолдану; 9.1.3.10 топологиялық ұғымдарын көрсету (зат қайда тұр); 9.1.3.11 қоғамдық орындарда бейімделу: дүкен, дәріхана, пошта, емхана, әлеуметтік қызмет орындары;</p>
--	--	---	---	--	---

	<p>кеңістікте бейімделу: сыныпта, ұйықтайтын бөлмеде, дәретханада, шешінетін бөлмеде, оқу кабинеттерінде; 5.1.3.10 мектеп жайында педагогтың көмегімен немесе өзінше бейімделу; 5.1.3.11 сөйлеу тілінде заттардың кеңістіктік қатынасын көрсететін сөздерді қолдану; 5.1.3.12 Сеген тақталары, Коос текшелері, Пьерон-Рузер әдістемесі бойынша тапсырмалар орындау</p>	<p>және спорт алаңдарында; 6.1.3.9 доминодан фигуралар құрастыру; 6.1.3.10 қағаз парақшасын бейімдеу (дәл ортасы, орта, жоғары, төмен, сол, оң жақтары, бұрышы, сол бұрыштары, жоғарғы оң бұрышы); 6.1.3.11 объектілермен заттарды зерттеу, таныс және бейтаныс кеңістікте қозғалу барысында дұрыс позаны, жүрісті сақтау; 6.1.3.12 мектеп аумағында бейімделу:</p>	<p>дәріхана, пошта, емхана; 7.1.3.9 мектеп маңайындағы көшелерде бейімделу: қиылыстарын белгілеу және саралау (көше қиылыстары); 7.1.3.10 объектілермен заттарды зерттеу, таныс және бейтаныс кеңістікте қозғалу барысында дұрыс позаны, жүрісті сақтау; 7.1.3.11 сөздік нұсқау бойынша кеңістіктік қатынастарды қайталау, сөйлеу тілінде заттардың</p>	<p>сөйлеу тілінде заттардың кеңістіктік қатынасын көрсететін сөздерді қолдану; 8.1.3.10 Сеген тақталары, Коос текшелері, Пьерон-Рузер әдістемесі бойынша тапсырмалар орындау</p>	<p>9.1.3.12 қоғамдық орындарда бейімделу: дүкен, дәріхана; 9.1.3.13 сызба, ауызша нұсқау бойынша кеңістіктік қатынастарын келтіру; 9.1.3.14 көмекші сөздерді объектілердің өзара орналасуын бағалау үшін қолдану</p>
--	--	---	---	--	--

		төңірегінде, балалар және спорт алаңдарында; 6.1.3.13 Сеген тақталары, Коос текшелері, Пьерон-Рузер әдістемесі бойынша тапсырмалар орындау	кеңістіктік қатынасын көрсететін сөздерді қолдану; 7.1.3.12 Сеген тақталары, Коос текшелері, Пьерон-Рузер әдістемесі бойынша тапсырмалар орындау		
1.4 Уақытта бейімделуді дамыту	5.1.4.1 тәулік уақыттарының, жыл мезгілдерінің белгілері мен реттілігін ажырату; 5.1.4.2 өз өмірінің оқиғаларын кеше, бүгін, ертең түсініктері мен сәйкестендіру; 5.1.4.3 күнтізбеде уақыт бірліктерін көрсету: апта, ай,	6.1.4.1 уақыт бірліктері ара қатынастарын білу: 1сағ=60мин; 1мин=60сек, 1тәулік=24сағ, 1ай=30-31күн (28-29күн ақпанда); 6.1.4.2 күндік жоспар құру; 6.1.4.3 сабақ кестесін жасау; 6.1.4.4	7.1.4.1 уақыт өлшемдерін іс-әрекет түрлерінде қолдану; 7.1.4.2 оқиғалар реттілігін анықтау (соңынан, алдында); 7.1.4.3 оқиғаларды басынан аяғына қарай суреттеу; 7.1.4.4 электрондықсағат бойынша уақытты анықтау; 7.1.4.5 уақыт	8.1.4.1 күнтізбені қолдана отырып апта ішіндегі оқиғалар күнтізбесін құру; 8.1.4.2 әртүрлі сағаттар арқылы уақытты 1 минутқа дейінгі дәлдікпен белгілеу; 8.1.4.3 жылдың әр мезгіліндегі мерекелерді білу; 8.1.4.4 азық-түліктердің	9.1.4.1 фотоальбомын қолдана отырып оқиғалар күнделігін жүргізу (жекелік, сыныптық, мектептік); 9.1.4.2 оқиғаларды басынан аяғына қарай және аяғынан басына қарай; 9.1.4.3 өз өміріндегі оқиғалар хронологиясын құру; 9.1.4.4 күнтізбеден жақындард

	күн; 5.1.4.4 апта атауларын білу; 5.1.4.5 ай атауларын білу; 5.1.4.6 уақыт өлшемдері н білу: сағат, минут; 5.1.4.7 уақыт бірліктері ара қатынаста рын білу: 1 жыл=12 ай, 1 апта=7 күн; 5.1.4.8 сағат тілі бойынша уақытты анықтау (сағат қанша); 5.1.4.9 өз кү тәртібін құрастыру/ салу	сағат бойынша уақытты анықтау (сағаттар және минуттар); 6.1.4.5 «күн» сөзінің мағынасын түсіну; 6.1.4.6 оқиғалар реттілігін анықтау (соңынан, алдында); 6.1.4.7 күнтізбені қолдану; 6.1.4.8 алдымен- кейін реттілігі нің қатынасын белгілеу	бірліктері ара қатынаста рын білу: 1жыл=365- 366 күн; 7.1.4.6 «толы жыл» мағынасын түсіну; 7.1.4.7 күнді жазу; 7.1.4.8 мерекелер күнтізбесі н құру	сақатау мерзімін анықтау; 8.1.4.5 күн бойынша апта күнін анықтау 8.1.4.6 апта күні бойынша күнді анықтау 8.1.4.7 оқиғаларды н басталуын, аяқталуын, ұзақтығын анықтау бойынша есептер шығару (күнделікті өмір мысалы мен); 8.1.4.8 күнтізбе бойынша жұмыс, демалыс, мереке күндерін ажырату	ын, достардың туылған күндерін табу; 9.1.4.5 теле бағдарлама бойынша хабардың басталу уақытын анықтау; 9.1.4.6 оқиғалар мен мен іс- әрекеттерді н уақытын көрсетіп қысқа мәтіндер құру; 9.1.4.7 өз өмірбаянын құрастыру; 9.1.4.8 сағатта уақытты көрсетіп қою
1.5 Тактильдік - қозғалыст ық қабылдауы н дамыту	5.1.5.1 тактильдік - қозғалыст ық сезімталды қты түрлі	6.1.5.1. бейімделу дің іздеу тәсілін қолдану: сипау, тексеру;	7.1.5.1 бейімделу дің іздеу тәсілін қолдану: сипау, тексеру,	8.1.5.1 түрлі заттардың салмағын ажырату (мақта, шегелер, кесек);	9.1.5.1 материалда рды сипаттамала ры бойынша ажырату

	<p>іс-әрекетте қолдану: балшықпен, пластилинмен, қамырмен мүсіндеу; саусақтармен сурет салу; ірі мозаикамен ойындар; майда заттарды сұрыптау; 5.1.5.2 затты сипап қарау немесе оның сұлбасын саусақтармен айналдыра қарау; 5.1.5.3 2-ден таңдау барысында үлгі бойынша көлемді фигуралармен заттарды сипап табу; 5.1.5.4 Тілдің немесе ымның көмегімен</p>	<p>6.1.5.2 үлгі бойынша сипау арқылы көлемді затқа жұптаңдау; 6.1.5.3 сұйық және қою тағамның қарама-қарсы температуралық режимдерін ажырату (ыстық, суық); 6.1.5.4 заттарды салмағы бойынша ажырату (ауыр-жеңіл); 6.1.5.5 түрлі заттардың қарама-қарсы температураларын ажырату; 6.1.5.6 әртүрлі температурадағы материалдармен жанасуды адекватты қабылдау;</p>	<p>сипалау, жазу, тықылдату, қысу; 7.1.5.2 азық-түлікті консистенциясына қарай ажырату (сұйық, қатты, жабысқақ, сусыма); 7.1.5.3 үлгі бойынша көлемді затты сипалап табу; 7.1.5.4 үлгі бойынша заттардың көлемі мен формасын сипалап ажырату; 7.1.5.5 заттардың ерекшеліктерін ажырату (жұмсақ, қатты, тегіс, бұжыр); 7.1.5.6 тактильдік - қозғалыстық сезімталды</p>	<p>8.1.5.2 сипау арқылы таныс немесе бейтаныс заттарды табу (көру үлгілері бойынша); 8.1.5.3 заттардың салмағын ажырату; 8.1.5.4 жанасуды шектеу; 8.1.5.5 сипау арқылы бет фактурасы мен түрлі заттар материалдарды үлгі бойынша тану (ойлықырлы, тікенекті жұмсақ)</p>	<p>(температура, фактура, ылғалдық, тұтқырлық); 9.1.5.2 заттардың ерекше қасиеттерін сөзбен айту; 9.1.5.3 қолда немесе арқада «жазылған» әріптер мен сандарды қайта жазу, қайталау (екі жағындағы); 9.1.5.4 заттар мен материалдар бетінің фактурасын атау; 9.1.5.5 әріптер мен сандарды сипап тану</p>
--	--	---	---	---	---

	<p>тактильдік артықшылықты көрсету; 5.1.5.5 адамның жанасуына адекватты тұрғыда эмоционалды-қозғалысты жауап қайтару; 5.1.5.6 материалдармен жанасуды адекватты қабылдау (ағаш, металл, су)</p>	<p>6.1.5.7 объектілерден шыққан тербеліске адекватты қарау; 6.1.5.8 ыстыққа, өткірге абайлап жанасу</p>	<p>қты сақтану мақсатында қолдану</p>		
<p>1.6 Дәм және иіс түйсігін дамыту</p>	<p>5.1.6.1 тағамдық өнімдер мен тағамды дәмі арқылы тану; 5.1.6.2 түрлі иістерді тану (тағам өнімдері, косметика); 5.1.6.3 азық-түліктердің дәмін атау:</p>	<p>6.1.6.1 азық-түліктердің негізгі дәмдік ерекшеліктерін ажырату (ащы тәтті, қышқыл, тұзды); 6.1.6.2 иістерге баға беру (жағымды-жағымсыз, сүйікті)</p>	<p>7.1.6.1 тағам құрамын дәміне қарай тану; 7.1.6.2 иістерді тану және атау (косметика); 7.1.6.3 дәм мен иісті ұнатқанын тілмен немесе пантомимикалық құралмен жеткізу</p>	<p>8.1.6.1 иістерді тану және атау (ағаш, тері металл); 8.1.6.2 түрлі иістерді тану (гүл, цитрус, қылқан, ваниль, кофе)</p>	<p>9.1.6.1 тағамдық өнімдер мен тағамдар дәмін суреттеу (дәмді, хош иісті, тойымды); 9.1.6.2 иістерді тану және атау (гүл, косметика); 9.1.6.3 деодоранттар мен иіссулардың міндеттемесін білу</p>



	ҚЫШҚЫЛ, ТӘТТІ, АШТЫ				
--	---------------------------	--	--	--	--

2) «Қимыл-қозғалыс саласын дамыту»:

2 - кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары				
	5 сынып	6 сынып	7 сынып	8 сынып	9 сынып
2.1 Ұсақ моторикасын дамыту	5.2.1.1 жұдырығын, саусақтарын қысу және ашу; 5.2.1.2 саусақтар ұшымен үстелді тықылдаты; 5.2.1.3 еліктеп алақандарын соғу (ырғақ, сан); 5.2.1.4 саусақтармен түрлі фигуралар жасау; 5.2.1.5 жіпке түймелер, ірі моншақтар тізу; 5.2.1.6 бұршақ түрлерін сұрыптау	6.2.1.1 бір қимылдан екіншіге бірсарынды ауысу: таяқшалармен заттар сұлбасын жасау; 6.2.1.2 пластилинмен мүсін жасау; 6.2.1.3 трафареттерді штрихтеу; 6.2.1.4 шектелген кеңістікте бейнелерді сұлбасы, нүктелері бойынша жүргізу; 6.2.1.5 түрлі музыкалық аспаптармен ойнауды келтіру (пианино,	7.2.1.1 бір статикалық позадан екіншіге бір қалыпты (алақан-жұдырық); 7.2.1.2 тұрмыста және сабақта дәл қимылдар жасау (байлау, шешу, ілу); 7.2.1.3 жақтаудың ішінде үлгі бойынша тік, көлденең сызықтармен штрихтеу; 7.2.1.4 трафаретпен, қалыппен жүргізу; 7.2.1.5	8.2.1.1 бейнелердің суретін салып бітіру; 8.2.1.2 жол ішіндегі тік, қиғаш, үзінді сызықтарда тұратын бордюлерді салу; 8.2.1.3 ырғақталған өрнектер салу, тік, қиғаш, пунктирлі сызықтарда тұратын түрлі конфигурациядағы толқынды сызықтар жүргізу; 8.2.1.4 берілген бағытта көлденең сызықтарды кеңістікте	9.2.1.1 баспа әріптері элементтеріне ұқсас фигуралар салу; 9.2.1.2 бірілген үлгі бойынша нүктелер арқылы сызықтар жүргізу; 9.2.1.3 шектелген кеңістікте тік және көлденең сызықтар жүргізу; 9.2.1.4 түрлі бағытта ерікті сызықтар жүргізу

	жарманы іріктеу; 5.2.1.7 түймені, сыдырман ы, ілгекті салу және ашу; 5.2.1.8 екі қолын тиімді пайдалану (сол қолымен ұстап, оң қолының алақанымен қағаз парағын жазу және керісінше); 5.2.1.9 қарындашты, қаламды дұрыс ұстау; 5.2.1.10 жолын сақтап түзу сызықтар (тік, көлденең) тор сызықтар жүргізу	барабан, гитара, керней); 6.2.1.6 ұзындығы, биіктігі, түрі әртүрлі таяқшалар салу; 6.2.1.7 бірізді қимылдар жасау («жұдырық-қыры-алақан») 6.2.1.8 қарапайым заттар бейнесін бір бағытта штрихтеу қабілеті (жоғарыдан төмен); 6.2.1.9 жолдағы өрнекті элементерін ауыстыра отырып көшіру	шектелген кеңістікте бейнелерді сұлбасы, нүктелері бойынша жүргізу; 7.2.1.6 түрлі бағытта штрихтеу қабілеті; 7.2.1.7 пунктирлі сызықпен түрлі жолдарды жүргізу; 7.2.1.8 өрнекті тормен салу (торларды көру, әр торға нүкте қою, торларды санау)	шектеусіз жүргізу; 8.2.1.5 шектелген кеңістікте бағытын өзгертіп сызықтар жүргізу 8.2.1.6 тұтас бейнесін жасау мақсатында жартылай салынған заттың суретін салып бітіру; 8.2.1.7 қарапайым лабиринт бойынша үзіксіз сызықтар жүргізу	
2.2 Мимика мен пантомимиканы дамыту	5.2.2.1 көз қозғалту жаттығуларын жасау; 5.2.2.2 аңдардың	6.2.2.1 көз қозғалту жаттығуларын жасау; 6.2.2.2 жануарлар	7.2.2.1 көз қозғалту жаттығуларын жасау; 7.2.2.2 қозғалыс	8.2.2.1 ертегілер, мультфильмдер және фильмдер кейіпкерлер	9.2.2.1 елестеткен заттармен қимылдар жасау; 9.2.2.2 бет

	<p>әдеттерін келтіру; 5.2.2.3 заттармен және заттарсыз еліктеу қимылдарын жасау; 5.2.2.4 вербалсыз коммуникацияның түрлі тәсілдерін қолдану (мимика, пантомимика); 5.2.2.5 артикуляция органдарының қимылдарын қайта келтіру; 5.2.2.6 дене қимылдарын қайта келтіру</p>	<p>дың қимылдары мен әдеттерін келтіру; 6.2.2.3 елестеткен заттармен еліктеу бойынша қимылдар жасау; 6.2.2.4 жүріс, жүгіріс, әуенді ойыншықтармен ойын ойынырғақтары келтіру; 6.2.2.5 позалармен қимылдарды келтіру («Айна» ойыны тәріздес); 6.2.2.6 үлкен адамның мимикасын айна алдында келтіру</p>	<p>командаларын қабылдау және орындау; 7.2.2.3 жануарлар, мультфильмдер персонаждарының қимыл-қозғалыстары арқылы таныс адамдарды табу; 7.2.2.4 табиғат құбылыстарын келтіру (жаңбыр, жел); 7.2.2.5 адамның түрлі жағдайларын түсіну; 7.2.2.6 түрлі эмоционалды жағдайларды келтіру (қорқыныш, қуаныш)</p>	<p>ін салу; 8.2.2.2 позалармен қимылдарды келтіру («Айна» ойыны тәріздес); 8.2.2.3 мимика арқылы түрлі эмоционалды жағдайларды тану және келтіру; 8.2.2.4 елестеткен заттармен еліктеу бойынша қимылдар жасау; 8.2.2.5 эмоционалды жағдайларды ажырату (қорқыныш, қуаныш)</p>	<p>пен дененің түрлі ұсақ бөліктерінің статистикалық және динамикалық позаларын ажырату (көздер, ауыз, саусақтар); 9.2.2.3 вербалсыз коммуникацияның тәсілдерін қолдану (мимика, пантомимика); 9.2.2.4 эмоционалды жағдайларды келтіру; 9.2.2.5 өз эмоциясының сыртқы көрінісін бақылау</p>
--	---	---	--	---	---

3) «Зерделік саласын дамыту»:  
3-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары				
	5 сынып	6 сынып	7 сынып	8 сынып	9 сынып
3.1 Жадын дамыту	5.3.1.1 картиналар қатарын келтіру (5); 5.3.1.2 мүсіндеу, суретін салу барысында заттардың формаларын, көлемін түр-түсінікелтіру; 5.3.1.3 фотосуреттен таныстарын табу және атау; 5.3.1.4 сөздік қатарды келтіру (3-5); 5.3.1.5 заттар мен картиналар ретін келтіру (қатарға енгізу); 5.3.1.6 нұсқауларды орындау; 5.3.1.7 ойынның	6.3.1.1 сөздер қатарын келтіру (5-7 слов); 6.3.1.2 ойыншықтар мен картиналардың берілген орындарын артынша келтіру; 6.3.1.2 жадына сақтап біркелкі ойыншықтарды табу 6.3.1.3 заттар немесе картиналар жинағына өзгертулерді анықтау (не жоғалды?); 6.3.1.4 заттармен және заттарсыз бірнеше қимылдарды келтіру; 6.3.1.5 күрделі нұсқаулар	7.3.1.1 буындарды, ырғақтарды, сөздерді артынша келтіру; 7.3.1.2 бүтін-бөлік өзара қатынасын қою; 7.3.1.3 заттар немесе картиналар жинағына өзгертулерді анықтау (не жоқ?); 7.3.1.4 берілген картиналар қатарын артынша келтіру; 7.3.1.5 жадына сақтап суретін салу; 7.3.1.6 көргендерін сұрақ бойынша суреттеу; 7.3.1.7 картина	8.3.1.1 берілген картиналар қатарын артынша келтіру; 8.3.1.2 картиналар мен ойыншықтардың берілген қатарын келтіру; 8.3.1.3 нышындар қатарын келтіру (әріптер сандар); 8.3.1.4 іс-әрекеттер мен қимылдарды келтіру; 8.3.1.5 жадына сақтап өрнек салу; 8.3.1.6 жадына сақтап картинаны салу; 8.3.1.7 тақпақты жатқа айту 8.3.1.8 тақпақтар мен бейнелерді	9.3.1.1 нышындар қатарын артынша келтіру (әріптер сандар); 9.3.1.2 берілген сөздер қатарын келтіру (10-ның ішінде); 9.3.1.3 тыңдалған ауызша материалды келтіру және қайталап айту (сөйлемдер, қысқа мәтін, екі жол тақпақ); 9.3.1.4 объекттерді суреттемесі бойынша тану; 9.3.1.5 қайталап айтудың жоспарын жасау, қолдан бұйымдар жасау; 9.3.1.6 өткен

	қарапайым ережелерін сақатау; 5.3.1.8 ойыншықтың орналасқан орнын есте сақатау (не өзгерді?)	ды орындау; 5.3.1.8 ырғақтары келтіру; 5.3.1.9 қимыл қатарын келтіру; 5.3.1.10 ойын ережелерін сақтау; 5.3.1.11 заттардың орналасуында өзгерістерді анықтау	ларды артынша тану (болды-болмады); 7.3.1.8 таныс әуендерді тану	артынша келтіру; 8.3.1.9 сұрақтар бойынша өткен күннің, аптаның оқиғалары жайлы әңгімелеу	күннің, аптаның, жылдың оқиғалары жайлы әңгімелеу; 9.3.1.7 жадыны дамыту бойынша қозғалысты ұжымдық ойындарға қатысу; 9.3.1.8 би және гимнастика қимылдарын келтіру
3.2 Тілі мен ойлау қабілетін дамыту	5.3.2.1 тапсырманы орындау үшін сынамаларды, өлшемдерді, көзбен сәйкестеуді қолдану; 5.3.2.2 заттармен ойын және жаттығу жүргізу барысында көлем параметрлерін ажырату; 5.3.2.3 заттардың белгілерін	6.3.2.1 түсі өте бөлек таныс заттарды үлгі бойынша таңдау (3 қарама-қарсы түс); 6.3.2.2 қарама-қайшылық қатынастарын вербалдау (тыныш-қатты, алыс-жақын); 6.3.2.3 анық белгілері бойынша	7.3.2.1 объектілер арасындағы себептік-салдық байланыстарды анықтау (сюжеттік картиналар, оқиғалар); 7.3.2.2 анық белгілері бойынша ерекшеленетін заттар мен объектілерді салыстыру	8.3.2.1 себептік-салдық байланыстарды анықтау (картина, картина топтамалары, мультфильм, мәтін); 8.3.2.2 көлем параметрлерін ажырату; 8.3.2.3 бөлшектердің негізгі элементтерінің бөлу; 8.3.2.4	9.3.2.1 заттарды ерекше қасиеттері бойынша топтастыру; 9.3.2.2 заттар мен сызықтардың жазықтықта орналасуының заңдылығын анықтау; 9.3.2.3 негізгі белгі ретінде көлем бойынша топтастыру; 9.3.2.4 орындалған

	<p>ажырату; 5.3.2.4 заттарды берілген белгілері бойынша (түс, форма, көлем); 5.3.2.5 заттардың қажеттілігін білу; 5.3.2.6 өз іс-әрекетінің нәтижелерін бағалау; 5.3.2.7 көрнекі есептер шығару (Сегена тақтасы, Равен Матрицалары тәрізді); 5.3.2.8 үлгі бойынша құрастыру; 5.3.2.9 объекттерді көлемі бойынша салыстыру (заттарды бір бірімен, адамдарды бойымен); 5.3.2.10 басқалары</p>	<p>ерекшеленетін заттарды 6.3.2.4 берілген бір белгілері бойынша заттарды топтастыру у форма, көлем, түс; 6.3.2.5 заттар мен құралдардың қажеттіліктерін білу; 6.3.2.6 құрбыларының әрекеттерін бағалау; 6.3.2.7 көрнекі есептер шығару (Сегена тақтасы, Равен Матрицалары тәрізді); 6.3.2.8 басқаларына ұқсамайтын сипаты бар затты алып тастау («Төртінші артық»)</p>	<p>(2-4), (түс, формой, көлем, бөлшектер саны, бөлшектер інің орналасуы, бойы); 7.3.2.3 сөздерді салыстыру; 7.3.2.4 сюжеттік картина бойынша оқиғаның реттілігін белгілеу; 7.3.2.5 сюжеттік картинаның мағынасын түсіну, сұрақтарға жауап беру; 7.3.2.6 оқиғалар арасындағы себептік-салдық байланыстарды анықтау; 7.3.2.7 көрнекі есептер шығару (Сегена</p>	<p>сөйлеу тілінде қорыту сөздерін қолдану; 8.3.2.5 сюжеттік картиналар топтамасы бойынша оқиғаның реттілігін белгілеу; 8.3.2.6 сюжеттік картиналар топтамасының мағынасын түсіну, бас кейіпкерлерін, негізгі оқиғаларын аңғару; 8.3.2.7 көрнекі есептер шығару (Сегена тақтасы, Равен Матрицалары, Айзенк тесттері тәрізді)</p>	<p>тапсырманы бағалау: дұрыс, тез, жақсырақ, әдемірек; 9.3.2.5 өз тапсырмасының орындалғанын бақылау; 9.3.2.6 түстер мен реңдерін өз бетінше топтастыру; 9.3.2.7 элементтер қатарында заңдылықты белгілеу (түс, форма, көле); 9.3.2.8 сюжеттік картинада қателер табу (болады-болмайды); 9.3.2.9 көрнекі есептер шығару (Сегена тақтасы, Равен Матрицалары, Айзенк тесттері тәрізді)</p>
--	--	---	---	---	--

	на ұқсамайтын сипаты бар затты алып тастау («Төртінші артық»)		тақтасы, Равен Матрицалары, Айзенк тесттері тәрізді)		
3.3 Қиялын дамыту	5.3.3.1 геометриялық фигуралар суретін аяқтап салу; 5.3.3.2 заттар мен адамдар бейнесін аяқтап салу; 5.3.3.3 түпкі оймен сурет салу; 5.3.3.4 берілген тақырып бойынша сурет салу; 5.3.3.5 өз түпкі ойы бойынша құрастыру 5.3.3.6 ертеңгілік терге, ертегілер қойылымдарына қатысу; 5.3.6.7 кескін	6.3.3.1 берілген тақырыпқа әңгімелер, ертегілер (сөйлемдері бар картиналар мен кестелерге сүйене отырып) құрастыру; 6.3.3.2 адамдардың заттармен әрекетін келтіру; 6.3.3.3 қойылымдарға қатысу (дайындыққа, көрсетілімге қатысу); 6.3.3.4 объектілерді бөлшектері, сұлбасы, контуры бойынша	7.3.3.1 театрланған қойылымдарға қатысу; 7.3.3.2 заттар, адамдар, жануарларды суреттеу бойынша тану; 7.3.3.3 объектілерді бөлшектері, сұлбасы, контуры бойынша тану; 7.3.3.4 сөйлемдер мен сөз тізбектерін аяқтау	8.3.3.1 жұмбақтардың жауабын табу; 8.3.3.2 әуен сипатын қимыл арылы көрсету; 8.3.3.3 фантастикалық жануарлар суретін салу	9.3.3.1 жұмбақтар жасыру және жауабын табу; 9.3.3.2 «жабыраңқы», «көңілді», «мейірімді», «ашулы» картиналар салу

	картиналарды (пазлдарды) үлгісіз біріктіру; 5.3.6.8 сөйлемдер мен сөз тізбектерін аяқтау; 5.3.6.9 жануарлардың әдеттерін, дауыстарын келтіру	тану; 6.3.3.5 жануарлардың бейнелерін аяқтап салу			
3.4 Зейінді дамыту	5.3.4.1 заттың қоғалысына көзбен шолу; 5.3.4.2 көру үлгісі бойынша графикалық диктанттар орындау; 5.3.4.3 Ахутина; Мюнстерберг әдістемелерін; Шульте кестелерін қолдана отырып тапсырмалар орындау;	6.3.4.1 сызықты басына аяғына дейін көзбен шолу; 6.3.4.2 Ахутина; Мюнстерберг әдістемелерін; Шульте кестелерін қолдана отырып тапсырмалар орындау; 6.3.4.3 алға және артқа қарай санау; 6.3.4.4	7.3.4.1 көру үлгісі бойынша графикалық диктанттар орындау; 7.3.4.2 Ахутина; Мюнстерберг әдістемелерін; Шульте кестелерін қолдана отырып тапсырмалар орындау; 7.3.4.3 сандармен геометриялық фигуралар	8.3.4.1 көру үлгісі бойынша графикалық диктанттар орындау; 8.3.4.2 Ахутина; Мюнстерберг әдістемелерін; Шульте кестелерін қолдана отырып тапсырмалар орындау; 8.3.4.3 ережелерін ауыстыра отырып корректуралық тапсырмалар орындау;	9.3.4.1 зейінді дамыту бойынша қозғалысты ұжымдық ойындарға қатысу; 9.3.4.2 көру үлгісі бойынша графикалық диктанттар орындау; 9.3.4.3 Ахутина; Мюнстерберг әдістемелерін; Шульте кестелерін қолдана отырып тапсырмалар



	<p>5.3.4.4 әріптермен , сандармен корректура лық тапсырмал ар орындау; 5.3.4.5 фигуралар ды үлгі бойынша бояу; 5.3.4.6 белгілі бір сигналға қажетті жауап қайтару (тоқта- жаттығула ры); 5.3.4.7 ойын ережелерін түсіну, есте сақтау, орындау, зейінді дамыту бойынша қозғалысты ұжымдық ойындарға қатысу; 5.3.4.8 орындалған тапсырманы</p>	<p>әріптерді берілген реті бойынша және артқа қарай атау; 6.3.4.5 әріптермен , сандармен корректура лық тапсырмал ар орындау (корректур алық сынамалар ); 6.3.4.6 сандарды, әріптерді, геометрия лық фигуралар ды белгілі ретпен орналасты ру; 6.3.4.7 зейінді дамыту бойынша қозғалысты ұжымдық ойындарға қатысу; 6.3.4.8 фигуралар ды</p>	<p>мен корректура лық тапсырмал ар орындау (корректур алық сынамалар ); 7.3.4.4 қандай да болмасын бір сызықты басынан аяғына дейін көзбен шолу; 7.3.4.5 фигуралар ды берілген үлгі бойынша бояу және штрихтеу; 7.3.4.6 әріптерді берілген реті бойынша және артқа қарай атау; 7.3.4.7 сандарды, геометрия лық фигуралар ды белгілі ретпен</p>	<p>8.3.4.4 зейінді дамыту бойынша қозғалысты ұжымдық ойындарға қатысу; 8.3.4.5 сандарды, әріптерді, геометрия лық фигуралар ды белгілі ретпен орналастыру; 8.3.4.6 әріптерді берілген реті бойынша және артқа қарай атау</p>	<p>р орындау; 9.3.4.4 түрлі сезім әсерлерін келтіру: қуанышты, қорқынышты; 9.3.4.5 ережелерін ауыстыра отырып әріптермен, сандармен геометрия лық фигуралармен корректуралық тапсырмалар орындау</p>
--	--	---	--	--	--

	үлгісімен салыстыру; 5.3.4.9 5 ойын ережелерін түсіну, есте сақтау, орындау; 5.3.4.10 орындалған тапсырманы үлгісімен салыстыру	берілген үлгі бойынша бояу және штрихтеу; 6.3.4.9 ойын ережелерін түсіну, есте сақтау, орындау; 6.3.4.10 орындалған тапсырманы үлгісімен салыстыру	орналастыру; 7.3.4.8 көзін байлаған күйі балаларды, бөлменің ішін суреттеу; 7.3.4.9 зейінді дамыту бойынша қозғалысты ұжымдық ойындарға қатысу		
--	---	--	--	--	--

33. Білім алушылардың психофизикалық және ақыл-ой ерекшеліктеріне байланысты тоқсан бойынша ұзақ мерзімді жоспарлауды мұғалім, сынып білім алушыларының мүмкіндіктерін ескере отырып, өз бетінше дайындайды.